



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Көлік иелері өз автокөліктерін 5 жылға уақытша тіркей алады

ІІМ 17 шілдеден бастап бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылмаған немесе шектеулерге байланысты заңдастырылмаған, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен Қазақстан Республикасына әкелінген автокөліктерді бес жылға уақытша тіркеу жұмысын бастады.

Осылайша азаматтарға автокөліктермен туындаған заңды мәселелерді шешу және оларды қажықтық сапаға енгізу үшін уақыт беріліп отыр.

Уақытша тіркеу үшін көлік құралдарының иелері «уақытша тіркеу» тізіміне автокөліктің VIN-кодын енгізу үшін өтінішпен және растайтын құжаттарымен әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталығына

лын бес жылға тіркеу, сонымен қатар көрсетілген мерзім өткеннен кейін оны кері әкету туралы міндеттемеге қол қояды.

«Атап өту қажет, тіркеу құжаттарының түпнұсқалары және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері көлік құралының тіркелген жері бойынша Мемлекеттік корпорация филиалында уақытша тіркеу мерзімі өткенге дейін сақталады», деді ҚР ІІМ ӘПК басқарма бастығы орынбасарының міндетін атқарушы Алтынбек Жамалиев.

Тіркеу туралы куәліктің айрықша белгісінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығу және иеліктен шығару қажығынсыз деген жазба, тіркеудің қолданылу мерзімі, сондай-ақ автокөліктің бұрынғы шетелдік иесінің деректері көрсеті-



Жобаның орындалуы пысықталды

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен орталық және жергілікті атқару органдарының өзара іс-қимылын үйлестіру штабында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният алдағы екі жылда ауылдарда жаңа 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандарын салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Олардың қатарында физиотерапия кабинеті мен дәріхананы, фельдшерлік-акушерлік бекеттерді (ақпараттандыру кабинеті қосылды) және дәрігерлік амбулаторияларды (ЕДШ залы қосылды) қамтитын заманауи медициналық бекеттер бар.

Физиотерапия кабинеттері электротерапия, магнитотерапия, ультрадыбыстық терапия, фототерапия, ультракүлгін терапиясы, ингаляторлар және басқа да құрылғылармен жабдықталатыны атап өтілді. ЕШД за-

лында ұсақ моториканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған түрлі тренажерлер, эрготерапияға арналған стендтер, швед қабырғасы, кинезотерапияға арналған жабдықтар қарастырылған. Сонымен қатар барлық жаңа МСАК нысандары телемедицинаны ұйымдастыру үшін компьютерлік және медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Ұлттық жоба шеңберінде инсульт және кардиологиялық орталықтар, оңалту, травматология және ортопедия, хирургия, реанимация, қарқынды терапия бөлімшелері ашылып, көпбейінді орталық аудандық 32 аурухананы жаңғырту және күрделі жөндеу, сондай-ақ заманауи медициналық жабдықтармен жарақтандыру жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар ауылдық денсаулық сақтау мекемелері үшін 1100 медицина қызметкерін даярлау жоспарлануда, олардың арасында дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер мен аку-

шерлер бар.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев жаңа медициналық нысандардың үлгілік жобаларын жергілікті жағдайға бейімдеу жұмыстары туралы айтты.

Ұлттық жобаның өңірлерде жүзеге асырылу барысы туралы Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев және Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев баяндады.

Үкімет басшысы жиынды қорытындылай келе, үлгілік жобаларды жергілікті жағдаймен байланыстыру, сондай-ақ құрылыс алаңдарына инженерлік коммуникациялар мен жол тарту жұмыстарын жеделдетуді талап етті.

Сонымен қатар Әлихан Смайылов Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық жобаны үйлестіру мен бақылауды күшейтуі қажет екенін атап өтті.



жүгінуді қажет.

«Уақытша тіркеу» тізіміне енгізілгеннен кейін көлік құралының иесі электронды үкімет порталы арқылы көлікті тіркеуге өтінім береді.

Содан кейін 10 минут ішінде автоматты түрде тексеру жүзеге асырылады.

Оң нәтиже болған жағдайда көлік иесінің жеке кабинетіне сәтті тексеру туралы және Мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктіне көлік құралын ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі.

Тексеру пунктінде криминалист 15 минут ішінде көлік құралының нөмірлік агрегаттарын салыстырып тексереді.

Тексеру нәтижелері оң болған кезде көлік иесі электрондық кезек бойынша Мемлекеттік корпорация қызметкеріне автокөлікті тіркеуге құжаттарды тапсыру үшін жолданады, ол жерде мемлекеттік нөмір(9 660 тг) мен мемлекеттік тіркеу құжаты (4 313 тг) үшін мемлекеттік баж төлеп, көлік құра-

леді.

Уақытша есепке алу мерзімі өткеннен кейін көлік құралына қатысты мемлекеттік тіркеу автоматты түрде тоқтатылады.

Егер Қазақстан азаматтары аталған автокөліктерді елден тыс жерлерге әкетуге шешім қабылдаса, олар Қазақстан Республикасының тіркеу құжаттары мен мемлекеттік нөмірлерін тапсыруға тиіс, содан кейін оларға шет мемлекеттің тіркеу құжаттары мен мемлекеттік нөмірлері қайтарылатын болады.

Егер автокөліктер бұрынғы тіркелген елінде есептен шығарылса және қазақстандықтар оларды елде тіркеуді жүзеге асыру туралы шешім қабылдаса, онда оларға 200 000 теңге мөлшерінде бастапқы тіркеу алымын төлеумен және утилизациялық алымсыз заңдастыру шарттары қолданылатын болады.


«Созақ үні»-ақпарат.

Тарихи жүлдеге қол жеткізді

Бұл күндері Жапонияның Фукуока қаласында су спорты түрлерінен әлем чемпионаты өтіп жатқаны белгілі. Әр екі жыл сайын ұйымдастырылатын жаһандық додада әлемнің 195 мемлекетінен келген 2 392 спортшы бақ сынап жатыр.

Күншығыс еліндегі жарыста еліміздің спортшылары да өнер көрсетіп жатыр. Әлем чемпионатының кезекті күнінде жарыс жолына отандасымыз Эдуард Ким шығып, ел қоржынына әлем біріншіліктері тарихындағы алғашқы жүлдені салды. Артистік жүзу бәсекесінде бақ сынаған Ким техникалық бағдарламада 216.000 ұпай жинап, әлем чемпионатының қола медалін иеленді. Бұл сында бас жүлдені испаниялық Диас дель Рио Сол Фернандо (224.555) олжаласа, күміс жүлде америкалық Годе Кеннетке (216.800) бұйырды.

Айта кету керек, ерлер арасындағы артистік жүзу биыл алғаш рет әлем чемпионатының бағдарламасына қосылып отыр. Жа-



пониядағы айтулы бәсекенің финалында 10 спортшы алғашқы жүлде жиынтығын сарапқа салды. Бұл спорт түрінен атлеттер енді 22 шілдеде еркін бағдарламада бақ сынамайды. Бұған қоса Қазақстан құрамасы суда жүзу, су добы (ерлер, әйелдер) және ашық суда жүзу жарыстарында өнер көрсетеді. Дода 30 шілдеде аяқталады.



«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 22 АЗАМАТ 94,0 МЛН ТЕҢГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Биылдан бастап Республика бойынша іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы аясында ауыл азаматтарының тұрмысын түзеуге бағытталған жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын жеңілдетілген несие берілуде.

Бүгінгі таңда аталған бағдарлама бойынша Созақ және Құмкент ауылдық о-


ругтерінен 70 азамат қажат тапсырып үлгерді. Оның ішінде 53 азаматтың қажаты 227,250 млн. теңгеге мақұлданып, 22 азамат 94,0 млн. теңге жеңілдетілген несие алды.

Осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру мақсатында Созақ ауылдық округінде шаруалар мен кәсіпкерлік бастамасы бар

тұрғындардың қатысуымен жиын өтті. Онда жеңілдетілген несиелер бойынша қажетті ақпараттармен бөлісіп, несиенің алу жолдары толықтай түсіндірілді.

Бұған дейін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кәсіпкерлікті дамытуға арналған пилоттық жобаны ұтымды пайдалану бойынша сала орынбасары мен жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді. Бұл бағыт бойынша

атқарылып жатқан жұмыстарды күнделікті назарда ұстауда. Қазіргі таңда «Ауыл Аманаты» бағдарламасының екінші кезеңінде Шолақ-қорған және Жартытебе ауылдық округтері ұсынылды. Кооперативтер құрылып, кооператив мүшелері тіркелуде.



Аудан аумағын көркейтп, көгалдандыру мақсатында тиісті шаралар жалғасуда.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Бұған дейін арық-атыздар мен көше бойлары қоқыстардан тазартылып, ағаш түптері әктелді. Әлеуметтік нысандар мен мекемелердің ауласындағы шарбақтар бір түсте сырланды. Сонымен қатар, Шолақ-қорған ауылының орталық маңызы бар С.Қожанов және Жібек жолы көшелерінің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың қасбеттері қалпына келтіріл-

ді. Сондай-ақ бұған дейін орын алған кемшіліктерді жою мақсатында тиісті жұмыстар жалғасуда.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауыл округ әкімдері мен жауапты бөлім, мекеме басшыларына бұл бағыттағы жұмыстарды назардан тыс қалдырмауды тапсырды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан көлемінде қолға алынып, атқарылып жатқан жұмыстарды пысықтау мақсатында лездемелік жиын өткізді. Онда ауданда жүріп жатқан жол, ауыз су, көше жарықтандыру, құрылыс нысандары, қысқы маусымға дайындық шаралары мен санитарлық тазалық сақтау жұмыстарына жеке дара тоқталып өтті.

-Ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Істеліп жатқан жұмыстарға тиянақтылық пен қарап, қадағалауда



ұстау керек. Әлі де болса шешімін қажет ететін өзекті мәселелер көп. Қысқы жылу маусымына дайындық шараларын күшейту керек. Бұдан бөлек, ауылдарды аралау барысында бірқатар ауылдық округтерде ауыз су уақытпен ғана берілетінін айтып, жетіспеушілік мәселелері жиі көтерілуде. Тұрғындарға жаздың аптап ыстығында суды тұрақты түрде беру керек. Бұл мәселені шешу үшін аса көп қаржыны немесе күштік құрылымды талап етпейді. Тек жұмысты үйлестіре білу қажет, -деген аудан басшысы жауапты сала мамандарының жұмыстарын сынға алды. Сондай-ақ аталған мәселені хаттамалық тапсырмаға енгізіп, бұған дейінгі жүктелген тапсырмалармен қоса белгіленген мерзімінен кешіктірмей орындауды қатаң ескертті.

Сонымен қатар, тұрғындар қажеттілігіне орай туындаған басқада өзекті мәселелерге тоқталып, сала орынбасары мен жауапты мамандарға қосымша тапсырмалар жүктеді.

ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІПТІҢ СПАРТАКИАДАСЫ: уран кендерінен олимпиадалық нәтижелерге дейін

Елордасы Астанада ауқымды спорттық іс-шара-компанияның туған күнін мерекелеуге орайластырылған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның XXII Спартакиадасы болып өтті. Қазақстанның әр қиырындағы атом холдингі кәсіпорындарының қызметкерлері әдемі ойын өрнегін көрсету және кім жеңімпаз болатынын анықтау үшін елордада кездесті.

Бес күн бойы 23 командаға бөлінген 1000 шақты спорттың 9 түрі: мини-футбол, жеңіл атлетика, волейбол, бадминтон, армрешлинг, үстел теннисі, баскетбол, шахмат және киберспорттан (FIFA) чемпион атану үшін сынға түсті.

Әр спорт түрі бойынша қатысушылар әділ күрес, тамаша спорттық дайындық, шеберлік және жеңіске деген ерік-жігерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша барлық спорт түрлерінен жеңімпаздар анықталды. Жалпы командалық есепте «ҮМЗ» АҚ құрамасы көш бастап, екінші орынды «ОТХК БК» командасы, үшінші орынды «Инкай» БК» ЖШС командасы жеңіп алды.

Биылғы марапаттау рәсімі ерекше болған, атом холдингінің ұжымын жарыстың аяқталуымен Қазатомөнеркәсіп басшылығымен бірге Қазақстанның танымал саясат қайраткерлері мен даңқты спортшылары-ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев, Қазақстан



спортшылар одағының төрағасы, бокстан ҚР спорт шебері Азамат Қарлығашев, бокстан 2012 жылғы Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев, ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин құттықтап келді. Құрметті қонақтар Спартакиада жеңімпаздары мен жүлделеріне кубоктар мен медальдарды табыс етті.

«Бүгін компаниямыздың туған күнін мерекелеп, Спартакиада жеңімпаздарын марапаттауымыздың символдық мәні зор. Осыдан 26 жыл бұрын дәл осы күні Қазатомөнеркәсіптің

қалыптасуының даңқты тарихи бас-талды. Біз көп жылдардан бері әлемдік аренадағы көшбасшылық орнымызды сенімді түрде сақтап келеміз. Бүкіл ұжымға адал еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін зор алғысымды білдіргім келеді,-деді іс-шараның жабылу салтанатында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов. -Компания салауатты өмір салтын қолдануға көп көңіл бөледі. Бұл күндері біз спортшыларымыздың қызықты ойындары мен жарқын эмоцияларын үлкен қызығушылықпен тамашаладық.

Қазатомөнеркәсіптің Спартакиадасы-рухтың күші, жеңіске деген ерік-жігер, белсенді өмірлік ұстаным, компанияға және спортқа деген сүйіспеншілік. Жыл сайын бүкіл атом холдингінің қызметкерлерін біріктіретін және әрқайсымызды жаңа спорттық жетістіктерге шабыттандыратын спорттық мерекенің барлық қатысушыларын құттықтаймын» деді басқарма төрағасы Е.Мұқанов.

Жарыс барысында барлық командалар спорттық дайындықтың лайықты деңгейін және жоғары нәтижелерді көрсете білді. Үлкен спорттық іс-шараға қатысушылар өздерімен бірге кубоктар мен медальдарды ғана емес, сонымен қатар сергектік пен жақсы көңіл-күйді де алды. Жеке және командалық есепте жеңімпаз болғандар «Самұрық-Қазына» АҚ Спартакиадасына қатысатын болады.

Созақ ауданының аумағында табиғи уранды барлап, өндірумен айналысып отырған бірқатар барлау экспедициялары, кәсіпорындар мен кенорындарынан спартакиадаға арнайы барған команда құрамының жігіттері, жерлестеріміз бірқатар жеңіспен оралды. Арнайы марапаттар алғыс хаттар, естелік сыйлықтарды еншілеген жерлестеріміздің жеңістері еселене берсін демекпіз.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі

Созақ аудандық қоғамдық кеңесі алғашқы рет, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 2016 жылдың наурыз айында құрылды. Созақ аудандық қоғамдық кеңестің 3-ші құрамы 2022 жылдың наурыз айында жасақталды. Бүгінде Қоғамдық Кеңестің 15 мүшесі бар. Төрағасы – Мұрат Жексенбайұлы Сапаров, хатшысы қызметін – Мұхтар Сенбіұлы Қиясбаев атқарады.

2023 жылы Созақ аудандық Қоғамдық кеңесі өз құзыреті аясында төмендегідей жұмыстарды атқарды. Қоғамдық кеңестің отырыстарында Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңының 3-бабының 3- тармағына, 5-бабының 2-3-4 және 13 тармағына, 18 бабының 4-тармағына, 23- бабының 1-тармағына сәйкес, қоғамдық кеңестің төралқа мүшелерінің келісімімен төмендегі мәселелер қаралды.

2023 жылдың I тоқсаны:

2023 жылдың бірінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 3 нормативтік құқықтық актінің жобалары қаралып ескертусіз мақұлданды.

Созақ ауданы әкімінің және 2 ауылдық округ әкімдері мен 3 мемлекеттік орган 1 ЖШС басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

2023 жылдың наурыз айының 28 күні аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырылып 1 ұсыныс 1 өтініш түсіп тиісті шаралар қабылданды.

Қаңтар айы

1.«Аудандық Қоғамдық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту» туралы мәселе (Хабарламашы М.Сапаров).

2.«Созақ ауданы әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі»

Ақпан айы

1.«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.Созақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.

3.Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.



Наурыз айы

1.Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және көп балалы аналарға, балаларға көрсетілетін жәрдем, жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа тарту барысы, қайтарымсыз гранттар туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің «Көктемгі егіс науқанына дайындығы, жерді игеруге бөлінетін субсидиялардың тиімді берілуі туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

3.«Түркістан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылық басқармасының «Ветеринария қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ Созақ ауданының филиалы» басшысының 2022 жылы атқарған жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

Аталған мәселелер туралы тыңдап, талқыланып Қарар қабылданды.

2023 жылдың II тоқсаны:

2023 жылдың екінші тоқсанында Қоғамдық кеңестің отырыстарында 7 нормативтік құқықтық актінің жо-

балары қаралып ескертусіз мақұлданды. 4 ауылдық округ әкімдері мен 7 мемлекеттік орган басшыларының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Қоғамдық кеңес мүшелерімен 27.04.2022 жылы Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округі халқымен кездесулер өткізіліп, ұсыныс пікірлер бойынша жұмыстар атқарылды.

Сәуір

1.Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің «2023 жылдың 4 айында атқарған жұмыстары туралы» есебі.

2.«Шолақорған-Су» МКК «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі».

3.Созақ аудандық орталық ауруханасының «2022 жылда атқарған жұмыстары туралы және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары туралы есебі»

Мамыр

1.Жерді тиімді пайдалану және жер қатынастарын реттеу. Аудан әкімдігінің жер қатынастар бөлімінің 2023 жылдың 5 айында атқарып жатқан жұмысына талдау жасау және басшысының есебін тыңдау.

2.Созақ аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімінің басшысының 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

3.Шолақорған ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 5 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4.«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебін тыңдау.

Маусым

1.Қыземшек кенті әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

2.Шу ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

3.Тасты ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.

4.«Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі. «Ауыл аймақтардағы (интернет сапасы) байланыс мәселесі туралы»

Қорытынды

Қоғамдық кеңестің 2023 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес 6 ай бойынша бүгінгі күнге дейін 8 отырыс 2 рет төралқа отырыстары өткізіліп, мәселе қаралды. Оның ішінде 10 нормативтік құқықтық актілер жобалары талқыланып, ескертусіз мақұлданды. бауылдық округ әкімдері 10 бөлімдер мен мекемелер 1ЖШС басшыларының есептері тыңдалды.

Мемлекеттік орган жұмыстарын бақылау мәселелері бойынша аудан әкімінің, аудан әкімдігінің бөлімдерінің, ведомстволық мекемелер басшыларының есептері тыңдалып, онда Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан өзекті мәселелер көтеріліп, кемшіліктер атап көрсетіліп, алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша жұмыстар атқару ұсынылды. Қаралған мәселелердің хаттамалары тиісті бөлімдерге жіберіліп отырды. Қоғамдық кеңес отырыстарымен төралқа отырыстарында Қоғамдық кеңес мүшелері белсенділік танытты. Республикалық Ережеге сәйкес, Аудандық қоғамдық кеңес жанынан Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңес туралы» Заңына сәйкес, 4 тарақты комиссиялар құрылып, өздерінің бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізуде.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 13-14 шілде күндері Тасты, Шу, Жуантөбе ауылдық округтерінде және Қыземшек кентінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 3 ауылдық округте және 1 кентте өткен жиындарға 465 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары,

БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді. Жеке қабылдауда 11 адам болды. Олар: ж-

мыссыздық, жер, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Шу ауылдық округі Абай, Мұқанов көшелеріне көше жарықтандыру жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: Жыл ішінде	Д.Досымбеков
1	Тасты ауылдық округі Тасты ауылынан 75 орындық мәдениет үйінің құрылыс жұмыстарының сапалы жүргізілуін бақылауда ұстау	Мерзімі: Жыл ішінде	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, М.Тілеулинов
1	Қыземшек кенті Мал өлекселерін тастайтын шұңқырдың құрылыс жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: 01.10.2023 жыл	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, Е.Жұмабаев
2	Қыземшек кентіндегі жылу жүйесінің қазандықтарына жөндеу жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: 01.10.2023 жыл	Қ.Оразов, Е.Айдарбеков, Е.Аманов, Ж.Борсабаев, Ш.Төлеев (келісім бойынша)
1	Жуантөбе ауылдық округі Ауылдық мәдениет үйін ағымдағы жөндеуден өткізу	Мерзімі: жыл ішінде	Қ.Оразов, М.Ниязәліұлы, Д.Абраев
2	Мал өлекселерін тастайтын шұңқырдың құрылыс жұмыстарын жүргізу	Мерзімі: 01.10.2023 жыл	Қ.Оразов, Ж.Борсабаев, Д.Абраев

Баршаға аян болғанындай, қайғылы Қаңтар оқиғасынан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірден: «Жаңа әрі Әділетті Қазақстан» қоғамын құрамыз деп, ескі Қазақстанға өкпелі қазақтың өкпесін басты. Ол үшін бізге: «Ықпалды Парламент. Еститін Үкімет. Бақылаушы Қоғам- құру қажет!» деп, концепсия ұсынды. Сонан бері елімізде бірнеше саяси реформа жүзеге асты. Олар: Бүкілхалықтық референдум өткізіп, бірқатар заңдарымызға өзгеріс енгіздік. Президент және Парламент сайлауларын өткізіп алдық. «Ауыл Аманаты» деп аталатын ауқымды бағдарлама қабылдадық. Солардан, «Ықпалды Парламент» және «Ауыл Аманаты» жобасы жүзеге аса бастады. Алдымен, «Ықпалды Парламент» жобасына тоқтайын. Әрине, Президент солай айтты екен деп, парламентке жаңа сайланып

де жобаға қатысуларына жағдай жасап берді.

«Созақ Агро Өнімдері» ынтымақтастығы (кооперативі) құрылды

Естеріңізде болса, газетіміздің кезекті бір санында «Ауыл аманаты ауылда» деген тақырыпта мақала жазып, назарларыңызға ұсынған едім. Сол мақалада жоғарыда айтқанымдай, «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында 2,5 пайыздық несиелі жобасына Шолаққорған мен Жартытөбе халқы да қатыса алатынын сөз еткенмін. Сондай-ақ, жобаға қатысушы ауыл әкімдіктерінің жанынан ынтымақтастықтар (кооперативтер) құрылатындығын да тілге тиек еткен едім. Міне, сол жоспар жүзеге асып, бүгінгі таңда Шолаққорған мен Жартытөбе әкімдіктерінің жанынан

сананы қалай оятамыз? «Қадағалайтын Азаматтық Қоғам» концепсиясын қалай жүзеге асырамыз? Билікті де «Есеп беретін Үкімет» халіне қалай келтіреміз?» деуі мүмкін! Әбден орынды да. Себебі, олай ету керек, бұлай ету керек деп таңнан қара кешке дейін ақыл айта беру оңай. Өйткені, бүгінгі таңда ең арзан, ол үшін мемлекеттік бюджеттен ақша қаралмайтын, салық салынбайтын, заң жолымен жауап алынбайтын дүние- ол ақыл боп тұр. Егер құр ақылмен, құрғақ уәдемен қоғам алға жылжитын болса, 32 жылдан бері біздің ескі қазақстандық қоғам бүгін әлі Жаңа Қазақстан қоғамын құру жайын сөз етіп отырмас едік. Демек, бізге сөзден іске көшетін кез келді. Тіпті, өтіп бара жатыр деуге болады. Ендеше, қайтпек керек?

Әрине, жоғарыда айтқанымыздай

нымызды бай, бақуатты аудандардың бірі!» деп, мақтанып жүрміз. Республикалық, облыстық және аудандық бюджеттен қомақты қаржылар қаралып, өңіріміздің экономикалық, әлеуметтік және рухани жағдайы қайсыбір бір аудандардан кейін болса да, қайсыбір аудандардан, тіпті, қалалардан ілгері. Дегенмен, сол Республикалық, облыстық және аудандық бюджеттерден өңіріміздің экономикасы мен әлеуметіне, руханияты мен инфрақұрылымына қаралып жатқан қаржыны қадағалауда азаматтық қоғамның белсенділігі өте төмен. Әбден, билікке көңіліміз қалған ба білмеймін, бейтарап өмір кешудеміз. Бәрін біз үшін билік жасап беру керек деп, қол қусырып отырамыз. Ағайын, егер билік бәрін қамтитын болса, 32 жылдан соң Ескі қазақстанға естелік айтып, Жаңа қазақстанның қиялын құрып отыр-

Қоғамды ояту үшін әуелі қоғамдық сананы ояту қажет

барған сенаторлар мен мәжілісмендердің барлығы бірдей өзгеріп кеткен жоқ. Себебі, көпшілігі кешегі қарттарға жүйеден шыққандар еді. Дегенмен, құр шөпнен ауыз сурте беруге де болмас, бірқатар халық қалаушылары ерекше белсенділік танытып жүр. Әсіресе, «Аманат» партиясына мүше депутаттардың жұмысы жанданды. Бұл жайлы мен әлеуметтік желіде жариялаған посттарымда да бірнеше рет айттым. Себебі, сол мәжіліс депутаттарының бірнешеуінің әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліп алып, жұмыстарын жіті қадағалап отырмын. Не керек, сең қозғалды. Әрине, мұны біреулер популизмге, енді біреулер жағымпаздыққа жорып жүр. Алайда, мен мұны қайсыбір халық қалаушыларының сайлаушыларының алдындағы жауапкершілігі, қоғам алдындағы қарыздарын қайтару шабалары деп түсінуге тырысып жүрмін. Сонымен, себебі қандай болса- болсын, ең бастысы ең жоғарғы заң шығаратын органда қимыл, әрекет бар. Бұл дегеніңіз Тоқаев көрсеткен «Ықпалды Парламент» концепсиясы жүзеге асып бастады деген сөз. Әрине, әрбір іс басталғанымен емес, жүзеге асуымен бағаланатыны бар. Ендеше, депутаттарымыздың ықпал арттыру шабасын жақсылыққа жорып, қоғамға қайырлы болсын дейік! Ал енді, «Ауыл Аманаты» бағдарламасына тоқталсақ, бұл жоба аясында республикалық бюджеттен миллиардтаған қаржы қаралып, өңір-өңірлерге бөлініп жатыр. Әр өңір осы «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша өздерінің жұмыс жобаларын жасап, жүзеге асыруда. Басты мақсаты ауылдағы азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге бағытталған бағдарлама аясында көрсетілген категорияларға жататын жұртшылыққа қайтарымсыз гранттар, субсидиялар мен 2,5 пайыздық несиелер берілуде. Әр жоба бойынша жеке-жеке жұмысшы топтары құрылып, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімдері мен ауыл әкімшіліктері иін тіресіп жұмыс жасауда. Біздің ауданымызда да бұл бағытта ауқымды істер атқарылуда. Бұл жайында мен аудандық «Созақ үні» газетінің кезекті сандарында бірнеше мақала жазып та үлгердім. Мәселен, алғашқыда 2,5 пайыздық жеңілдетілген несиені алуға ауданымыздан тек Созақ және Қымкент ауылдары ғана пилоттық жоба аясында таңдалып алынған болатын. Кейін, шолаққорғандық шаруалардың да өтініш-тілегін ескерген жергілікті биліктегі жігіттер облыстық басқарманың табалдырығын тоздырып жүріп, Шолаққорған және Жартытөбе ауыл әкімдіктерінің

кооперативтер құрылып болды. Атап айтар болсам, Шолаққорған ауыл әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ауыл аманаты» бағдарламасына 2,5 пайыздық несиелі жобасы бойынша қатысуға ниетті кәсіпкерлердің бірігуімен ауылымызда «Созақ Агро Өнімдері» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Қазірдің өзінде кооперативке мүше боп тіркелген тұрғындарымыздың саны 70 ке жетті. Бірақ, мұнымен де тұрмай тағы да қосымша тізімдер жасалуда. Бұл дегеніңіз, «Ауыл Аманаты» бағдарламасына қатысуға ниетті шолаққорғандықтардың қарасы көп. Сонымен қатар, кооперативтің басшысы болып мүшелерінің ұсынысымен Қасымбек Ысқақ Күмісбекұлы есімді жерлесіміз (Заңды тұлғаның уәкілетті органының (таңдауымен) тағайындалды. Тағы да әлгі алғаш кооперативке мүше боп тіркелген 70 кәсіпкердің 10-ы мынадай бағыттарда қызмет жасамақ: Тәтті тоқаш өнімдерін өндіру; Жылы жай салып, көкөніс егу; Техникалық қызмет (СТО) көрсету; Тауық-құс шаруашылығымен айналысу; Балаларды дайындау және оқыту орталықтарын ашу; Балық шаруашылығын ашып, дамыту; Ермофосат жобасын жасау; Наубайхана ашу; Кір сабын өндіріп, сату т. т. Бұдан өзге талапкерлердің барлығы дерлік ауыл және мал шаруашылығы бағытында жұмыс жасауға ниетті екен.

Ендігі жерде «Еститін Үкімет» концепсиясын жүзеге асыру қажет. Әрине, Президент бұл мәселенің алғашқы қадамын өзі жасап, облыс, қала, аудан және ауыл әкімдерін әр үш ай сайын халықтың алдына барып, есеп беретін етіп қойды. Тіпті, жуырда ғана өткен бір жиында түрлі деңгейдегі әкім-қараларға: «Кабинеттеріңе қамалып, креслоларыңа байланып отыра бермей, қалалар мен ауылдардағы бұқара халықтың қатысуына барыңдар, мұң-зарын тыңдаңдар!» деген мазмұнда тапсырма да берді. Ең бастысы, патшадан пәрмен бар. Тек, биліктен әзір дерлік дәрмен болмай тұр. Ол үшін әрине, Президенттің «Қадағалайтын Қоғам» концепсиясы жүзеге асуы тиіс. Ал, ол әрине, бұқара халықтың қатысуымен ғана жүзеге асатын жұмыс. Ол үшін әуелі қоғамдық сананы өзгерту қажет. Яғни, хакім Абай айтпақшы әуелі: «Әрбір істің нәтижелі болмағы, бастапқы ниетіне байлаулы» деген, халықтық концепсияны жүзеге асыруымыз керек. Әйтпесе, мына ең жарлығымызбен, немқұрайдылығымызбен «Жаңа әрі Әділетті Қазақстан» қоғамын құрмақ түгілі, қыр аспасымыз анық. Иә, осы ретте біреу болмаса біреу: «Иә, жазғышым! Біраз ақыл айтып, пікір жаздың! Енді осы сен айтып отырған қоғамдық

әуелі қоғамдық сананы оятып, жаңа бағытқа бағыттауымыз қажет. Мұның жауабын жақында бір мемқызметте жүрген ағамның аузынан естідім. Құрбан айт күндері, бір ағайынның асында ағамыз өзінен тұщымды сөз күтіп отырған көпке қарап: «Неге біз отыз жылда осындай халге жеттік? Әу баста біздің межеміз әуелі дамушы 50 елдің көшіне ілесіп, кейін, дамыған 30 елдің көшін бастау емес пе еді? Неге, күні бүгінге дейін дамыған елдердің көшін бастау былай тұрсын, шаңына көміліп келеміз? Мұның жауабы мынау: «Жалпы, кез-келген дамушы ел мына үш деңгейден өтуі тиіс. Олар: рушылдық, жершілдік және ұлтшылдық деңгей. Біз, міне берісі 30 жылдан астам, тіпті, арысы 300 жылдан астам уақыт рушылдық деңгейде өмір сүріп келеміз. Көршілес, Қырғыз бен Өзбек ағайындар қазір жершілдік (Оштық, Ферғаналық; Тәшкенттік, Самарқандтық) деңгейге өтті. Ал, бүгін бүкіл әлемге майдан оқып тұрған Түрік жұрты алдыңғы екі деңгейді де артқа тастап, ұлтшылдық деңгейге көтерілді. Кеше ғана өздеріңіз куә болдыңыздар, ішкі-сыртқы күштердің күшті ықпалына қарамастан Түрік халқы өз таңдауын жасап, өздері «Дүние Көшбасшысы» атаған Реджеп Тайип Ердоғанды басым дауыспен Президент сайлап алды. Қазір қай қырынан алсаңыз да Түркия дамыған елдердің сапына еніп, Орта Азияда, Мхсылман-Түрк елдерінің арасында көш бастап тұр!» деп кеңінен, көсіле сөйледі!

Мен де ақылы озған ағаммен бірден келісе кеттім. Себебі, соңғы 5 жылда Түрік мемлекетінің саяси, әлеуметтік және рухани өмірін әлеуметтік желілерден жіті бағалап келе жатқан жан ретінде мен бұл айтылғандардың бәріне куә болдым. Демек, бізге де кеше бір кездері Түрік дүниесінің қара шаңырағы киелі Түркістан жерінен Анадолы жеріне үдере көшкен, сонда көктеп, «Селжүк», «Османлы» империяларын құрып, дүниеге үстемдік жүргізген Түрік бауырларымыздан үлгі алу керек! Рушылдықтың қамытын шешіп, жершілдіктің жейдесін киіп, тіпті, ұлтшылдықтың ұлағатын бойымызға сіңіруіміз қажет! Ал енді, бұл дүниелер қалай жүзеге асады?

Ол үшін әрине, өзім, өз отбасым, өз әулетім немесе өз руым деген сыңаржақ көзқарастан арылып. Менің көшем, ауылым, өңірім жерем елім деген деңгейге өтуіміз керек. Мәселен, міне 4-5 жылдың көлемі болды ауданымызда, ауылдарымызға газ, су құбырлары тартылып, бағаналар қойылып, асфальт және тас жолдар төселуде. «Шүкір, тәңір тарту еткен қазба байлықтарға Қаратаудың қойнауы толы екен, ауда-

мас едік қой! Әрине, жергілікті билік жүйе белгілеп берген бағыттан бұлқынып шыға алмауда. Оны көз алдымызда, қоғамда орын алып отырған оқиғалардан көріп отырымыз. Бірақ, бұл билік мүлдем қимылсыз, әрекетсіз деген сөз емес. Керісінше, билік пен бұқара бірлесіп, ымырала-сып жұмыс жасауы керек деген сөз. Әсіресе, азаматтық қоғам оянуы тиіс. Тағы да сол ақын Абайдың: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» деген сөзімен қияс қып айтсақ, патшадан пәрмен кеп, биліктен дәрмен кеткен соң, ендігі жерде азаматтық қоғам да жүймен түзелуі тиіс. Ол үшін үйіміздің ішіне, ауламызға қамалып отырып алмай, көшемізге, ауылымызға шығайық! Айналамызда жүріп жатқан жұмыстарға зер салайық, тапсырыс берушіні де мердігер мекемені де ортаға алайық! Барлығы смета бойынша жасалынып жатыр ма, қоғам боп бақылайық! Газ жүргізушілер судың, су кіргізушілер газдың трубасын кесіп кеткен жоқ па? Асфальт жолдар сметаға сай күрделі немесе жартылай күрделі жөндеуден өтіп жатыр ма? Білім және денсаулық саласына тиесілі, ел игілігі үшін салынып жатқан ғимараттардың жайкүйі қалай? Мемлекеттік мекемелер мен тұрғын үйлер қысқа, жылыту мерзіміне дайын ба? Шаруаларымыз шөптен тапшылық көрмей ме? Дикандарымыз судан қысылып жатқан жоқ па? Жастарымыз жұмыссыз жүрген жоқ па? Жерлестеріміздің тұрмысы, әлеуметтік жағдайы төмен емес пе? Көршіміз не ішіп, не жеп отыр? Тағысын тағылар!

Хабарларыңыз бар ма, жоғарыда мен сөз еткен, ықпалды болуға ынталы боп жүрген парламент депутаттары жуырда ғана «Қоғамдық бақылау» жөнінде су жаңа заң шығарды. Келесі жылдан бастап, бірнеше аудан әкімдерін халық сайлайтын болды. Әрбір ауыл әкімдігінің жанынан қоғамдық кеңес құрылып, әкім сайлауға және бюджетті қарауға азаматтық қоғамның өзі атсалысатын болды. Осының бәрі Мемлекет басшысының «Жаңа әрі Әділетті Қазақстан» қоғамын құру концепсиясының жемісі. Әрине, 30 жылдан астам күте-күте үміті үзілуге шақ қалған бұқара халық еліміздегі реформаның революциялық жолмен жүргенін көксейді, кейде. Ал, алаштың аманатын арқалаған, нұротанның атын «Аманат» қып ауыстырған Президент меніңше Жаңа Қазақстанды эволюциялық жолмен жасауға пейіл! Ендеше, әліптің артын бағайық ағайын! Әуелі өзіміз оянайық, сарсылған санамыз оянсын. Сонан соң, қалың ұйқыда жүргендерді оятайық! Бірлігі жарасқан бұқара мен билік бірге болайық!

Данияр БЕК.

ӘКЕМНІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Жайлап келіп, қамыс қораға жақындап, есік босағасындағы шошайып тұрған ағашқа аттың ноқта бауын ілдім. Көлденең тұрған екі құлаштай бөрененің байланған жібін қиып, есікті ашып қойдым да, қораға лып етіп кіріп кеттім. Қатарласып тұрған түйелердің бұйдасын қиып, далаға айдап шыға бергенімде, алдымнан ақ көйлек пен дамбалша киген біреу: «Ей, жүгермек, бұның не?» деп тұра қалды. Қолымдағы дырау қамшымен басынан ұрдым. Атыма қарғып мініп, түйелерді қайырып айдап жатқанымда «Аттан, ойбай, аттан!» деген дауысты құлағым шалып қалды. Түйесі құрғырлар, ауылдан шыға олай-бұлай қашып, менің уақытымды алды. Артыма қарасам, төрт-бес аттылы адам мен жаққа қарай шауып келеді екен. Түйелерді тастай салып, басым ауған жаққа шаба жөнелдім. Бұрылып қарасам, ақ киімді біреу мені қуып келеді екен. Мен қашып келемін, ол қуып келеді. Арамыз барған сайын жақындап келеді. Артыма тағы да бір қарап едім, арқама төніп келе жатқан найзаны көзім шалды. «Әй, бала, көйлегіңді қандамай тұрғанда тоқта!» деп дауыстап айтып жатыр. Мен атымды тебініп жан ұшырып келемін. «Әй, тоқта деймін, көйлегіңді қандама» деген дауыс құлағымнан кетер емес. Тағыда артыма қарағанда жаным түршігіп кетті, арқама бір-екі қарыстай-ақ қалған найзаның алқымына байланған шашақ тура мені жейтін арыстанның аузындай көрінеді. Тақымымда ілулі тұратын әкемнен қалған, сабы құлаштай айбалта есіме түсіп, «Ия, Алла» деп найзаның басын тұспалдап айбалтаны сілтеп қалғаным сол-ақ екен, даңғыр еткен дауыс естіліп, найзаның сабы сынып, басы ұшып кетті. Сол кезде қуғыншы атын тежеп, кері қарай бұрыла бергенде, мен де атымды бұрып, қасына жетіп барып, оны айбалтамен ұрдым. «Ойбай» деген даусын естіп, кері қарай шаба жөнелдім. Ұзап бара жатқанымда «ой, бауырым» деп жатқан дауыстар маған еміс-еміс естіле бастады.

Сол шапқаннан шауып келемін. Қайда шауып барамын өзім де білмеймін. Есіл-дөртім-жаудан құтылу. Таң ата бір ауылға келдім. Одан сұрастырып жүріп, Мәлік Төренің ауылын үш күн жүріп зорға таптым. Кейін мән-жайға қанық болдым. Мен түйелерді тастап кетісімен Мәлік Төре бастаған төрт жігіт түйелерді айдап жөнелді. Мәлік Төре қуып келе жатқан екі жігітке қарсы шауып, екеуін де әп-сәтте шоқпарымен ұрып, аттан аударып түсірген. Басқа ешкім көрінбеген соң, атын бұрып, түйелерді айдап аман-есен ауылға келген.

Арада бірнеше күн өткенде ауылға әр жерден сыбыс келе бастады. «Пәленше байдың алты нарын барымталап алып кетіпті, төрт баласында жаралап, ең үлкенін айбалтамен шауып, өлермен етіпті» деген әңгіме де жетті. Ұзынқұлақтан естіп жүріп, айбалтамен жаралағанымды біліп алған олар маған іздеу салып, менің Шойынбай молданың ауылынан екенімді білген. Өкіметтен бұйрық шығартып та үлгеріпті. Шойынбай ауылына келген поштабай болған оқиғаны ағама баяндайды. Мұны естіген ол шешемді әмеңгер етіп, қайынысына қосады. Ондағы олай – жалғыз басты әйелге ешкім келіп қоқан-лоқы көрсетпесін деген болу керек. Ауылға даулап келген билер мен ақсақалдар кеңес құрады. Мені итжекенге айдатуға шешім қабылдап, ал келтірген шығынға он түйе, жиырма жылқы төлетіп кетеді. Бұны естісімен Мәлік төреге келіп жағдайды баяндадым. Мәлік төре

сәл ойланып отырып:

– Мен саған аздаған еншіңді бере тұрайын, қазір аласапыран кез ғой, сен Әулиеатаға барып паналай тұр. Өйтпесең, аңдыған жау сені ұстамай қоймайды,– деді.

Мәлік Төреге көрші ауылдан алшы тама Тоғызбай деген қарияның қызымен сөз байласып жүргенімді, соны ала кеткім келетінін айтып едім, Мәлік Төре:

–Онда саған жарамды екі ат және екі түйе беремін, соларды алып, бүгін түннен қалмай жолға шық,– деп сөзін аяқтады.

Келесі күні түн қараңғысында ауылға бардым. Ұрыларша атымды сыртта қалдырып, үйге ұрланып кірдім. Бұл – ағамның бәйбішесі Артық деген адуынды жеңгемнің отауы болатын.

– Әй, бұл кім?– деген жеңгемнің дауысы шықты. – Ой, қашқын, амансың ба? Аға жоқта неғып келдің бұл үйге?– деп орнынан тұра бастады. Шам жағып, үйден бастау жерге көрпе салып жатып, –Ой, қайным-ай, елдің бәрін шулатып жүргенің қалай, аман-есен жүргеніңе құдайға шүкір!– деді.

Түн ортасы болғандықтан, жеңгемді ештемеге әуре қылмай, ертеңгі жоспарымды баяндадым. Оған ертең көрші ауылға барып, менің қалыңдығыма оны өзіммен бірге алып кеткім келетінін, қас қарайғанда құдық жаққа келуін жеткізуін айттым.

Таң атты, шай ішілді. Ағам бір ауылға шаруалармен кетіп қалған екен, жарғем киініп, тапсырманы орындауға кетті. Ал мен үйден шықпай, тапжылмай, тығылып жаттым. Түс ауа жеңгем жақсы хабармен үйге келді. Қыздың шығатынын және келіскенін айтып қуанып жүр.

Түн қараңғысын пайдаланып, екі атпен барып қызымды мінгізіп, Мәлік Төренің ауылына соқтым. Екі түйе алып, аздаған көрпе-төсекті түйеге артып, Мәлік төремен және басқа да жігіттермен қоштасып, «қайдасың, Әулиеата?» деп тартып кеттім.

Қайран, жастық-ай! Қайда барамын, кімге барамын белгісіз. Бірақ алған бетімнен қайту жоқ. Беймәлім дүние, беймәлім өмірге жетелеп келді. Екі күн жүріп, жапырлаған, қалай болса, солай салынған, қараша үйлерге жеттік. Оңашалау бір үйдің алдына келіп, ат басын тіредім. Есіктің алдында бірнеше адам әңгімелесіп тұр. Олар маған қарап «мынау кім?» дегендей күбірлесіп тұр екен. Мен амандастым. Жөн сұрастық. Мен олардан мына түйені сатуға бола ма, орнына бір шағын баспана алсам деген ниетімді айттым. Ішіндегі ересектеу «атым Жүсіп» деп танысқан кісі Атшабар базарына баруыма болатынын айтты. Ал баспана жайын «қиналмай-ақ қой, бос тұрған үйлер» көп деді.

Келесі күні мал базарында елу сомнан жүз сомға екі түйемді сатып, жаңағы Жүсіп деген кісіге келдім. Әйелім соның үйінде қалған болатын. Ол кісі ескі қарсы тамды алып берді. Соны әйеліміз екеуіміз тазалап, базардан үйге керекті заттарды алып келдік. Бір-екі күннен кейін Жүсіп жұмыс тауып берді. Жұмыс дегенде кәдімгі балшықтан кесек құямыз. Ал ақшасын күнделікті төлеп тұратыны тіпті жақсы болды. Сонымен үй бар, жейтін тамақ бар. Осылай өмір сүріп жатқан кез болатын. Айнала көршілермен танысып, ел қатарына қосылып кете бардық.

Өмір өтіп жатты. Осы уақыттарда байғұс шешем еш ойымнан шыққан емес. Осы екі ортада Революция болды, ақ патша құлап, қос өкімет билік құрды. Одан большевиктер жеңіп шықты, билік мемлекетке

көше бастады. Кәмпеске болып, байлардың мал-мүлкін тартып алып, одан совхоз, колхозды ұйымдастыру, т.б. жаңалықтар қаптап кеткен аласапыран болған өмірдің мен де ағынында кете бардым. Әскер қатарына алындым, Ликбезде оқып, сауат аштым, партияға өттім. 1941-1945 жылдардағы соғыс кезінде поезд айдадым.

Ел тынышталып, соғыстан кейінгі өмірге бейімделіп келе жатқан кез. Сондай жаймашуақ 1949 жылы кезекті демалысқа шығып, елге барып-қайтуды жөн санап, жолға шықтым. Созаққа барып, ағайын-туысқанмен табысып, мәз мейрам болып жатқанбыз. Бір күні Әділ деген ағам:

–Сен баяғы Мәлік төрені білесің ғой, ол анау құмдағы Тектұрмас асуындағы Шотан қыстауында тұрады, соған барып қайтпайсың ба?– деп сауал тастады. Мен:

–Әдеке, оны неге ертерек айтпадыңыз?– деп ренжіп сұрақ қойдым да,– олай десеңіз, жүріңіз, Мәлік Төреге сәлем беріп қайтайық,– дедім. Әділ ағамыз да кезінде Мәлік төренің жасағында болған адам еді. Төреге деген құрметі ретінде кіші баласының атын Мәлік деп қойған екен.

Үш кісі болып Мәлік төренің қонысына қарай шығып кеттік. Жолай Әділ ағамыз Мәлік Төренің өмірдегі атын айтып келе жатты:

– Мәлік Төре үлкен құрметке ие болған кісі еді. Мына Аллаху кезінде екі ұлы бірдей мерт болды, одан кейін кәмпескіге ілініп, малдан айырылды. Енді қазір қартайған шағында жұпыны бес-алты үй Шотан қыстауында қыстап, жазда да сол жерден тапжылмай өмір кешуде,– деп сөзін аяқтады.

– Әй, ағайындар, ол кісіге бір соятын мал ала бармадық па?– деп қалды Аппаз.

–Сөзіңнің жөні бар,– деді Әдекең.

Жолда Талаптыға соғып, семіз бір тайды жетектеп атамыздың қыстауына, Мәлік Төренің ауылына, келіп жеттік. Ауыл дегенің болмаса, төрт-бес жұпыны үй. Бір түйе, бір-екі сиыр және бірнеше қой-ешкі үйдің көлеңкесін паналып жатыр. Көзін көлеңкелеп бізге қарап тұрған бір әйел тездетіп үйге таянып келіп, керулі тұрған бағанаға аттарымызды байлады. Үйге «Ассалаумағалейкум» деп кіріп келдік. Көзіме ең бірінші терде молдас құрып, шай ішіп отырған Мәлік Төре түсті. «Сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекші, алпамсадай денесі шөгіп жатқан түйедей көрінген осы адамды көргенде алдына шөкелей келе:

–Мәлік аға амансыз ба?– деген сөзбен құшақтай алдым. Ол кісі де мені құшақтап, күрдей алақанымен арқамнан қағып:

–Әй, сен осы Сағындықсың ба?– деп жатыр. Құшақтасып болып, аман саулықтан соң, төрге салынып қойған көрпеге жайғастық. Бір нәрені еске алғысы келгендей, менің жағдайымды сұрап, тіпті менің отбасы, тыныс-тіршілігімді сұрастырғанда менің таңқалғаным соншалық, жауап беруге де үлгермей жатырмын. Себебі мен үшін алып, аңыз батырдың, көңілінің соншалықты жас баладай нәзіктігі таң қалдырды. Әділ ағам:

–Мәке, бір сойыс алып келіп едік, соны жайғастырақ қайтеді?– деп еді:

–Рахмет, оны өздерің бірдеме істендер, бұл жерде мал соятын адам жоқ, жігітіміздің алды он бірде,– деп сәл күрсінді. «Жарайды» деп Аппаз орнынан атып тұрып, далаға шығып кетті.

–Мәлік төреге не болған деп отырған шығарсың, Сағындық?! Бұл жағдай менің кәрілігім емес, уақыттың озбырлығынан болды. Қанша

малымды кәмпескелегенмен, мен оған мойыған жоқпын. Әлім барда жидым, әлі келетіндер әлімжеттік етіп тартып алды. Бұл да – бір заңдылық шығар. Бірақ өзімді халық жау етпеді. Екі арыстай балам Алла жолында қаза тапты. Бір ұлым Отан соғысында қаза болды. Олардан қалған екі ұл, бір қыз бар, келінім бар, өзімнің жаман кемпірім бар осы қалған ағайынның ортасында осылай өмір сүріп жатырмыз,– деп сәл үнсіз қалды. –Әй, Сағындық сенің осы ауылдан қашып кетуіңе не себеп болғаны есіңде ме?– деп сұрады.

–Есімде. Бір байдың баласының басын айбалтамен ұрғаным болды ғой,– дедім.

–Мен сендерге талай ескерттім ғой, барымта қаруы – шоқпар деп, жонарқадан не қара саннан тиген шоқпардан адам өлмейді, тіпті мүгедек те болмайды. Көрдің бе, айбалтаның саған тигізген кесірін?– деді. –Жоқ, сен бет-әлпетіңе қарасам, әжептеуір қызмет істейтін сияқтысың, соған қарағанда, ол айбалтаның саған пайдасы тиген сияқты,– деп қарқылдап күлді.

Ас та дайын болған екен, алдымызға астауға салынған ет келді. Тайдың жарты етін асқан екен. Аппаз бізге төрт жілігін алып келгізіп, қалғанын бала-шаға мен келін-жеңгелерге бергізіпті. Тамақ жеп отырып, Мәлік төренің қолына көзім түсіп кетіп, күлкім келді. Батыр ұстап отырған тайдың ортан жілігі оның қолында қойдың жілігіндей көрінді маған. Тамақ жеп болғанда Мәлік Төре:

–Әй, Сағындық, менің осылай ас ішпегеніме сенсең он шақты жыл болды,– деп күлді.

Астан кейін шай ішіп, далаға шықтық. Күн батуға аз қалған екен. Мәлік Төремен қоштасып, жүріп кеттік. Сексеннің сөңгіріне келсе де, өткен озбыр жылдарға мойымаған қазақтың көп алыптарының бірі – Мәлік Төре алыстап бара жатқан биік таулардай артымызда мұнар-тып қала берді...

Төзім

Ең бірінші рет отарбаның жанынан өтіп бара жатып «кук» деген сигналын естіп, құлап қала жаздағаным бар. Сол кезден бастап «осы отарбаны айдасам екен» деген ой тіршілігімнің мәні сияқты жадымда жатталып қалғанын көрмейсің бе?! Кез келген қара жұмыс істеп жүрген мен алдымен Ликбезде оқуға кірістім, бір жыл тапжылмай әріп танып, оқи бастадым. Одан қала берсе есепте қосу-алуды меңгердім, аздап орысшаны да үйрене бастадым. Содан Дөпоға бардым. Бастығына жолығайын деп кездескен адамнан начальник қайда деп сұрастырып келе жатқанымда, теміржолшы киімін киген қазақ жігіті «Әй, бауырым, қайдан адасып жүрсің?» деп құшақтап амандасты.

Жағдай сұрастық. Мен өз арманымда айтып жатырмын. Жігіттің аты Әйнек екен. Осы жерде «Рабочком» болып жұмыс істейді. Әйнек сол Дөпода жұмыс істейтін жалғыз қазақ болып шықты. Мені көріп қуанғандығы сол-ау деп ойладым. Әйнек маған істеймін десем, качегар болып қана орналаса алатынымды айтты.

Бұл жерде качегар отарбадағы от жағатын жұмысшы екен.

Абсамат СЕГІЗБАЕВ,
зейнеткер ұстаз,
Қыземшек ауылы.
(Жалғасы бар).

... Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Ерлан Қарин облыстағы барлық қала, ауылдық округ, кент әкімдеріне қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ұрпақтарынан естелік-әңгімелер мен мәліметтерді, құжаттарды фотоларды жинақтау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырған болатын. Осыған орай аудан, қалалардағы өңірлік комиссияның жұмысы басталып кетті. «Бай-кулак» деген ұғымының төркіні сонау феодалдық кезеңнен қарапайым еңбекшілер табын қанау, аяусыз езу, рақымсыз-рулық қалдықтарды, кедейдің қол күшін кеңінен пайдаланып келген сұлтан-байларға қарсы көтеріліс жасаған: Сырым Датовтың, Исатай Таймановтың, Жанғозиннің ұйымдасып бас көтерген көтерілістері, жалпы тарихи



ауылдық орта жастағы, қыстақ пен ауылдарда, осы жылдың 1-ші мамырынан аудан бойынша алдыменен ірі басты байларды, жартылай феодалдарды, антисоветтік элементтерді, би-қазыларды, жандармдарды, молда-ишандарды жер аударуды талап етуде, арнайы контролгерлерге айдау, жаппай болыстарды қуу міндеттемеге алынған.

«26.04.1931ж. Түркістан аткомінің президиумының жабық мәжілісі № 11 хаттамасында Түркістан бойынша: п: 4,6,15,16,38,42,85-87,97,100,107,124,127,129,145,146,149: № 3 ауыл пунктерден-42, 164 адам тізім бойынша айдалуға тиіс», -деп табылған және контрациялық лагердің комендантын: Нышанбаев Керебайды қаулымен бекітіп, 6 милиционерді-қорғаншылық және коменданттың орынбасары, қаулымен

Қазаққа түскен нәубет Созаққа да түсті

негіздерге тереңінен үңілетін болсақ Ресейдің шет аймақтарында халық еңбекшілері патша үкіметінен, байлардан қысым көріп отырған, алдыңғы қатарлы уәкілдері езілген халықтың мүдделерін қорғап отырған, басқа ұлт болғанына қарамастан араларында достық пайда болған, 1873-1875 жылдары аралығындағы Бұқашов басқарған шаруалар көтерілісіне қазақ халқының кіші жүзі тарапынан қазақтар-мұсылмандарға қатысқанын сипаттаған... 1905-1907 жылдарындағы орыстардың 1-ші революциясына саяси ереуілдеріне белсенді қатысқан қазақтар өте көп...

Уақытысында Ленин-Сталин басшылық еткен Октябрь Социалистік Революциясына-азаматтық күресіне де белсене қатысқан қазақтар көп, тұңғыш рет Совет үкіметінің қолынан Ұлттық жаңа мемлекеттік тәуелсіздігін алдық-деп қуанған. Алғашқы Совет өкіметінің декреті-еңбекші-дихандардың құқығын қорғайтын, сауаттарын ашып-білім декларациясын бұқара арасында үндеу еткен, революциялық жігерін тасытқан. 1917 жылдың қазан айынан 1918 жылдың наурызына дейін Петроград протеларлары революциясының жеңгені салтанатты ұранға айналған, ал 1918 жылдың наурызында бүкіл Қазақ жерінде Совет Үкіметі орнап-жеңіске жеткен. Большевиктер партиясы алғашқы күндерінен бастап ұлт мәселесі жөнінде бағдарламасын іске асыруға тырысқан-Ұлттар ісі бойынша халық комиссарлары құрылған.

1917 жылдың 8 қараша-20 қарашасында ж.Сталин басқарған Лениннің қолы қойылған «Халық комиссарлар Кеңесі»-Ресейдің барлық мұсылмандарына үндеу жариялаған. Онда: «Ешбір бөгетсіз жаңа өз еркіңізбенен өздеріңіздің Ұлттық тұрмысыңызды жолға қоя беріңіз, толық құқылысыздар. Жаңа революцияның, оның жұмысшылары, солдаттар, шаруалар, депутаттары, Советтердің бүкіл күш-қуаты Ресейдегі барлық халықтардың құқығы секілді-Сіздердің құқықтарыңызды (праволарыңызды) қорғайтынымызды біліңіз»-делінген.

Ресейде Сталиннің басшылығымен Қазақстан Советінің Съезін шақыру жұмысы қолға алынған болатын. Бұл съезде Қазақстан елінің автономиясы жариялауы тиіс еді, бірақ шет-ел Соғыс басқыншылары және азамат соғысы басталып, ол Қазақстанның едәуір жерін қамтыған болатын, сонымен Қазақ еліндегі Құрылтай съезін шақыру кейінге шегерілгенімен-автономия орнату жұмысы тоқтатылмады. 1919 жылдың соңында Қызыл Армия күшімен қазақ белсенділерінің-Күйбішев пен Фрунзенің басшылығымен, тарихымызда едәуір із қалдырған Чапаевтың жаңа қиссар

(комиссар) Дмитрий Фурмановтың қатысуымен-молчактар біржолата талқандалған...

Бүкіл қазақ даласында Кеңес дәуірінің қызыл туы тігілген, желбіреген кезең орнаған, Қазақстан жас мемлекетін сақтап қалған.

1920 жылдың 4 қазанында Орынборда Қырғыз-Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Кеңестерінің тұңғыш-құрылтай съезі ашылып, съездің құрметті президиумына Ленин, Сталин, Калинин жолдастар сайланған, бұл съезде (Қ-А ССР-і еңбекшілері құқығы (правосы) декларациясын)-қабылдаған. Ең алғаш:

«Қазақ ССР-і жұмысшылары мен Қазақ ССР-і депутаттарының Кеңесі Республикасы»-болғанын, Қазақ ССР-і РС ҚСР-ға Совет республикаларының ерікті құрамы Одағына-автономиялы мүше болып енгені жайында салтанатпен жарияланған.

Ресей мен Қазақ елі достығына Фрунзе жолдас: «Совет Үкіметі Сіздерге ең алдымен Ресей жұмысшыларымен шаруаларының туыстық көмегін көрсетеді, біздің еңбекші Ресей өкілдері-Сіздерді өз досымыз-туысымыз деп білеміз. Жаудың Сіздерді жәбірлеуіне, жерлеріңізді тартып алуына, аштық азабына ұшыратуына ешқашан жол бермейміз! Біз Сіздердің әуелі әрбір болыстарыңыз, уездеріңізде-әр бір аудандарыңызда Советтер құруға көмек береміз, тұрмыстарыңыздың жақсаруына, білімдеріңіздің артуына көмек береміз...!»-деген болатын.

21.02.1924 жыл. пом.Уполномоченного (Лебедев) қолы қойылған» - (құжатта осындай)-тің «Пред.Угорисполкомов Туркестанского уезда лично т.ША. Абдрасулову (құжатта осындай)» - Созақ болысы аткомінің төрағасы Дәулет Атамбаев Созақтағы ең бірінші байлардың бірі болып есептеледі, әкесі Бұхарадан келген (Дәулет Созақта туылған) бір ағайыны бар-інісі өзімен әкесімен бірге тұрады, 500 бас ұсақ малы, 30 шақты түйесі, 40 ірі қара малы және жерлерін суарып жүретін ондаған «Тума»-туыстары бар. Інісі Абдулхаш Атамбаев мануфактура мен мал сату ісімен айналысады. Хандарша інісін қолдап «Анти Советтік класс» (құжатта осылай), «Атқамінерлер» (құжатта осылай) – рубасшылары болып есептеледі. Сізден жедел түрде шара қолдануыңызды сұраймын-делінген.

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-1, п-54,55,93,104,106

«08.07.1926 жыл. «Уполномоченный по Туркестанскому уезду Петухов» (құжатта осылай) – Созақ болысындағы Шу және Құршу елді мекенінде рулары «Алтын-тама» кіші жүзінен Асадулла Ибрагимов (дәрігерлікпен) тәуіпшілікпен айналысатын, бақылау кезеңінде қолынан (көкнәрден) бірнеше азаматтардың қайтыс болғаны белгіленген, шара

қолданар кезінде хабар беруіңізді сұраймын» – делінген.

1928 жылдарға дейін болыс, старшын тәртібіменен басқару жүйесі жүргізілген, мысалы: Қаратай, Сарыөзек, Көкшеғұл, Ақтөбе, Үлкеншу, Құршу, Созақ-Созақ болысына қараған болатын. Осы жылдың күзінен жалпылама аудандасу жүйесі жүргізіліп, Созақ ауданы атағы беріліп, ауылдарды нөмірлеу ісі жүргізіліп, небәрі 15 ауыл Кеңесі құрылған. 1930 жылдың соңында 1931 жылдың басында Шаян ауданынан 3 ауыл қосылып Созақ ауданында 18 ауыл болған.

01.01.1931-30.11.1934 жылы Түркістан ауданы бойынша 4 жабайы өскен орман бар: -Қратау қорғаны: 11837 га

-Қызыл құм (сексеуіл): 1030000 га

-Сырдария (тоғай): 27105 га

-Иразым бақ (қолдан өсірген): 63,25 га,

-Түркістанда: 12 га

-Шәуілдірде: 150 га, оның ішінде жеміс ағашы-20%

Негізі: қ-1, т-1а, б-1, к-2, п-102

1931 жылдары қорасында бес ешкі алты қойы болса болды «бай-кулак»-деп немесе, «Анти советский элемент» атын жамылып осы өзіміздің Созақ, Түркістан ауданынан кеше азаматымыз Сол кезеңнің «Кедей байрақ қоғамы»-ның құрбаны болғаны, ауыл-қыстақтарын тастап айдалғандары қаншама, сондағысы мақсат жыл басында міндеттемеге алынған жоспардағы санның мөлшерін толықтыру. Байлар нағыз «кулак-феодалдар» тау-асып, малдарын айдап өткелден өтіп кеткен кезеңде, ауылдарда күн көріске ұстап отырған малын «кәмпіскелеп»(конфискация) әртөлге өткізуде мәжбүр болған, молда мен ишандарда халық жауы атанып лагерлерге айдалған.

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-3, п-2-7.

10.1931 жыл. Түркістан Президиумы мәжілісінің № 5 хаттамасынан: «Созақ көтерілісіне қатысушыларға ақшалай сыйлық берілсін, ерекше көрсеткен батырлығы үшін, басмачтармен шайқасқан ерліктері үшін, Созақ байларының көтерілісін басқаны үшін, коммунар тобын, командирлері мен қатардағы жауынгерлерді: Винокуров Василии, Винокуров Борис, Мойсеев Александр, Королько Иван, Якубов Юлдаш, Карраблин Аверьян – әр қайсысына жеке-жеке «Манограмма» басып, «Брайнинг» қаруыменен Түркістан «РИК»-нің атынан, мадақ қағазыменен марапаттап, басылым бетіне жариялансын»-делінген.

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-1, п-93

Түркістан ауданы Кеңесі атқару Комитетінің төрағасы ж.Ахметовтың 07.05.1931ж. № 19 шығыс хатымен тіркелген (құпия) баяндамасында ВКП (б) Ұяшық (ячейка) хатшысына, ауыл Кеңесі төрағаларына (құжатта осындай)-делінген; «Кедей-батрақ,

бекітіп, лагерьге: 8,910 сом қаржы бөлінген:

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-3, п-2-7

10.11.1934 жыл. Соңғы сайлау алдындағы есеп бойынша халық саны: 72054, сайлаушылар саны: 41665, оның ішінде қала тұрғыны: 4395, еңбекшілер елді-мекен Кеңесінен (Ащысай, Хантағы, Бөген совхозы, стансалары)-10012, қала аймағына қарасты (Шәуілдір, МТС)-280, Каучукпромхозы, Темір жол ауданы, Түркістан МТС:

Негізі: қ-1, т-1а, б-1, к-2, п-48

«Обл аткомінің 22 наурызындағы № 216 қаулысы негізінде Созақ ауданы Абай атындағы серіктігін Түркістан ауданына қосу-беру. Абай серіктестігі мүшелерінің мойнындағы салымдары (ет, сүт, жүн) Созақ ауданы қаржысының есебінен»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-1, к-3, п-84 (1934-1935 жж)

1934-1935 жылдарында Түркістан ауданынан мал-мүлкін кәмпіскелеп айдалғандар (толық емес тізімі) саны: 364 адам, 436 адам

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-7,8, п-8,9

-«Борисовка» елді мекенінен «-саудагер, бай-кулак»... болып айдалғандардың (толық емес) тізімі бойынша: 80 адам.

Негізі: қ-1, т-1а, б-1, к-2, п-68, 68 а.п., 69, 69 а.п.

03.04.1935 жыл. № 26 мәжіліс хатынан «Қызыл байрақ» серіктестігін 3-ауылдың қарамағынан алынып, колхоз мүшелерінің өтініші бойынша 4-ауылға берілсін-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-1, к-3, п-57,58.

1936 жылдан ауылдарға берілген нөмірлерді жойып, ауылдарға жергілікті атаулар қойылып, жинақтап ауыл Кеңестеріне тұрғылықты атаулары берілген, олар:

-Созақ ауыл Кеңесі;
-Шолақ-қорған ауыл Кеңесі;
-Құмкент ауыл Кеңесі;
-Қызыл-көл ауыл Кеңесі;
-Еңбек ауыл Кеңесі;
-Энгельс ауыл Кеңесі;
-Ленин ауыл Кеңесі;
-Молотов ауыл Кеңесі;
-Октябрь ауыл Кеңесі;
-Талапты ауыл Кеңесі;
-1 май ауыл Кеңесі;
-Балды-су ауыл Кеңесі;
-Күмісті ауыл Кеңесі-13 ауыл Кеңесі болған.

16.02.1936 жыл Шәуілдір ауданы аткомі президиумы мәжілісінің № 97 қаулысында Шәуілдір ауданында обл.аткомінің берген 12000 бас сары-тышқан, 600 бас тышқаншық (құжатта осындай), 40 бас қрыса амбарный (құжатта осындай) жоспарға енгізіліп, келісім шарт жасалынған.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.
(Жалғасы бар).

Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік

және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ф.МҰСАБЕКОВ,
Созақ аудандық статистика
басқармасының бас маманы.

ТЕМІРЕТКІДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Теміреткі-ауруы адамнан адамға, ауру үй жануарлар мен жабайы жануарлардан адамға жұғатын терінің жұқпалы ауруы. Аурудың қоздырғыштары қарапайымдар тобына жататын саңырауқұлақтар. Терінің ылғалдылығы аурудың қоздырғыштары үшін қолайлы қоректік орта болып табылады.

Теміреткімен науқас-танған адамның түскен терісі, шашы, түгіндегі аурудың қоздырғыштары бірнеше жылға дейін қатты аяздарда да, аптап ыстықтарда да өмір сүруге бейім келеді. Аурудан кейін залалсыздандыру жұмыстары жүргізілмеген жағдайда бөлменің шаңында, науқастың киімдерінде, бас киімдерінде төсек орын жабдықтарында, ойыншықтарында және басқа да науқас пайдаланған заттарында аурудың қоздырғыштары өмір сүре береді. Шаштараздарда ауру адамға пайдаланған қайшы, алмас, тырнаққа күтім жасау

үшін арналған құрал-жабдықтар, сүлгілер талапқа сай залалсыздандырылмаған жағдайда ауруды жұқтырудың көзі болып табылады. Егер ауру адамнан кейін қырқылған шашты өртеп жібермесе ол да ауруды жұқтырудың бір көзі болып табылады. Ауру көбінесе адамдардың бетінде, бастың шашты бөлігінде, мойындарында, қолында, яғни дененің ашық жерлерінде кездеседі. Сонымен қатар, киім жауып тұратын бөліктерінде де жиі кездеседі.

Жаз мезгілінде аурушаңдық біршама бәсеңдейді. Дегенмен де, ата-аналардың балаларын жаңа оқу жылына мектепке арналған киімдерін дайындау барысында дүкендерде де, базарларда да киімді киіп көру кезінде аурушаңдықты жұқтыру оқушылар арасында күрт өседі. Яғни, ауруды жұқтыру көзі науқас адамнан кейін киімді киіп көру

кезіндегі киімдер болып табылады. Сондықтан кез-келген адам аурушаңдықтың алдын алу үшін киім өлшеп көрген кезде де сақ болғаны дұрыс.

Ауру жұқтырған күннен бастап 2-3 аптадан кейін аурудың белгілері басталады. Алғаш белгілері диаметрі 0,3-0,5 мм көлемінде басталатын таңғылдақтар ақшыл қабыршақтанып, үлкейіп, әр түрлі формалы болып келеді. Науқас аздап қышуды байқайды. Зақымданған тері қызарып, кейде іріңдейді. Іріңдеу көбінесе бастың шашты бөлігінде кездеседі. Бастың шашты бөлігінде теміреткі шыққан жағдайда науқастар ем қабылдап жүріп, жұқа мақадан тоқылған орамал тастамау қажет.

Мұхаметқали ҚАЗБЕКОВ,
Созақ аудандық орталық аурухананың дерматовенеролог дәрігері.

«№1 –колледж» МКҚК-ның әкімшілігі, ұжымы және ұжымның кәсіподақ комитеті колледждің директоры Қордашбеков Бағдаулеттің қайын атасы **Жумадилдаев Шорабай Көшербайұлының** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің директоры Мейрам Әлмаханға қайын атасы

Тұртанов Алшынбайдың қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

2023 жылғы қаңтар-маусымға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы Қаңтар-маусым	2023 жылғы қаңтар-маусым, 2022 жылғы қаңтар-маусымға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 маусымға)	63 311	100,9
Туылғандар, адам	628	91,5
Өлгендер, адам	132	120,0
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	582	116,7
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	823	83,4
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2023 жылдың I тоқсаны	18 288	101,9
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2023 жылдың I тоқсаны	503 460	129,0
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	39 958,4	186,1
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 720 285	102,1
Көтерме сауданың көлемі, мың теңге	154 550	100,2
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	264 881 488	97,3
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	8 247,5	103,6
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	7 858,4	142,1
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	12 280	100,6
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	333 056,1	111,8
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	305 670,2	128,7
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	117 914,2	105,0

¹⁾ 2023 жылғы қаңтар-мамырдағы деректер

²⁾ 2023 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕГЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік
	2023 жылғы 1 шілдедегі
Барлығы	487
мемлекеттік	104
жеке	383
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	9
шетелдік	-

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың 1 шілдеге 5107 бірлікті құрады.

2023 жылғы 1 шілдеге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде						
	ШОК заңды тұлғалары ¹⁾		дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары		
2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022
5 107	3 520	294	279	3 536	2 146	1 277	1 095

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2023 жылғы қаңтар-маусымдағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцел лез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпасы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
29	3	3	11 905	0	-	13	3

* ҚР ҰЭМ ТҚК ОҚО ТҚҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2023 жылғы қаңтар-мамырдағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Тіркелген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық саннатары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	киянқылқықтар
46	8	-	23	6	9

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Биылғы жылы Түркістан облысының 5 жылдығына орай Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы және республикалық «Ақылдым» журналы бірлесіп балаларға арналған облыстық «Ақылды балаға сыйлыққа- Ақылдым» акция - байқауын жариялап отыр.

Акция байқауы Түркістан облысының барлық аудандық, ауылдық кітапханаларына жол тартты. Оқырман балаларды кітаппен, балаларға арналған баспасөзбен таныстыра отырып, бала қиялының шарықтауына, ертегілер арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған акция-байқауы Созақ ауданында өтті. Акция байқауы үш кезеңнен құралды. Қатысушы балалар бірінші кезеңде «Ақылдым» журналымен қалай танысқанын бейнеролик жүзінде таныстырып, журналға ерекше идеяларын ұсынады.



Nikon D5

Кәусар А.Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы «Шығармашыл өрен», Кембай Диана Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп лицейінің 6 сынып оқушысы «Жалынды оқырман», Мырзабек Қарақат. Ф.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы «Жаңашыл идея», Сейділдә Аяулым С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушысы «Ақ желкен», Серік Мейір А.Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы «Жігерлі оқырман», Халбай Махбуба Суындық жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы «Ұшқыр ойлы оқырман» номинацияларымен, Есенгелді Гүлсезім. Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейінің 6 сынып оқушысы, Көкешбай Жанерке М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінің 7 сынып

Ақылды балаға-сыйлыққа «Ақылдым»



Екінші кезең «Ертегі айтып беремін» атауымен аталған айдарда қатысушылар өз қиялымен ертегі құрастырады. Үшінші кезеңде жетекші кітапхана қызметкерлерінің көмегімен «Қабырға газеті» дайындауы қажет. Газет бетіндегі ақпараттар қатысушы таңдаған тақырыпқа сай болуы тиіс.

Мерекелік көңіл күйге орай «Мыңжылқы» мәдениет сарайының фойесінде «АҚЫЛДЫМ» атты кітаптар

инсталляциясы жасалды. Балаларға арналған кітаптармен, газет журналдардан, ертегілер кейіпкерлерінің макеттері қойылған «Балалар әдебиеті-ұлт болашағы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қатысушылардың әр түрлі тақырыптарды қамтитын бала қиялынан жасалған қабырға газеттері қойылды.

Кітапхананың жас өрендері Жұпарбек Айзере, Керімбай Алуа, Жұпарбек Балауса, Абдурасул Арайлым ақын, Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, кітапхана майталманы Гүлнар Әмірбектің «Ақылдым» журналына тартуын оқып берді.

Аталмыш байқауды Созақ ауданы әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сынға түскен қатысушыларға Республикалық «Ақылдым» журналының редакторы, «Қызмет» газеті жауапкершілігі серіктестігінің директоры, «Серпіліс» қоғамдық қорының директоры Нарымбетова Бейсенкүл Жақсыбекқызы, Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының балалар бөлімінің меңгерушісі Байдаулетова Дана Хантөреқызы қазылық етті және Түркістан облыстық

«Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының Ақпараттық-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі Бердібекова Әсел және кітапханашылары қатысты.

Байқауға барлығы 17 оқырман 3 кезең бойынша сынға түсті. 17 бала қатысқан байқаудың қорытындысы бойынша 10 оқушы ынталандыру сыйлықтарына ие болса, 7 қатысушы жүлделі орындарға лайық деп табылды. Бас жүлдені Бабата ауылдық кітапханасының оқырманы Садық Ернұр (М.Маметова атындағы жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушысы) иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды.

1 орынға Балалар кітапханасының оқырманы Еркебай Әділжан (Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейінің 6 сынып оқушысы) және Созақ ауылдық кітапханасының оқырманы Дүйсенбек Кәусар (Созақ жалпы орта мектеп гимназиясының 6 сынып оқушысы), II орынға аудандық балалар кітапханасының оқырманы Дүйсенәлі Аяжан (А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы), Еркінқызы Аяла (А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің 5 сынып оқушысы) және III орынға балалар кітапханасының оқырманы Мелдебек Қарақат (Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 4 сынып оқушысы), Қарақұр ауылдық кітапханасының оқырманы Маулен Марлен (Қарақұр жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы) иемденді.

Біржан Нұрдаулет. Қ.Сәтбаев атындағы мектеп гимназиясының 6 сынып оқушысы «Эрудит оқырман», Ескендір Ахмад. Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейінің 6 сынып оқушысы «Шебер ертегіші», Досман

оқушысы алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапатталды.

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының балалар бөлімінің меңгерушісі Байдаулетова Дана Хантөреқызы жетекші кітапханашылар Бабата ауылдық кітапханасының кітапханашысы Айгүл Елшібекова, Ақсұмбе ауылдық кітапханасының кітапханашысы Әбілдаев Анарбек, Қарақұр ауылдық кітапханасының кітапханашысы Забира Мақұлбековалар Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Жанат Сәдібекқызы Шардарбекованың атынан алғыс хаттар табыстады.

Осындай игі істердің арқасында әрбір байқаудан өзгелерден озық ойлы екенін көрсете білген шын дарындар дараланып, өз бойындағы қабілеттерін айқын сезініп, алдағы уақытта шығармашылықпен жұмыс жасауға белсенділігі артатыны сөзсіз.

Ұлы жазушы М.Әуезов «Адамның ең ұлы көркі - оның ақылы деп санаймын» деген екен, ақылына көркі сай ұрпақтарымыз еліміздің мақтанышы. Осындай ұлы мақсатта күш жұмылдырып, балаларымыздың болашағын қалыптастыруға үлес қосуға үміткерлер үшін аянбай еңбек етіп байқауға ат салысқан барша кітапханашыларымызға, ұстаздарымызға, ата-аналарымызға шексіз алғысымызды білдіреміз. Сіз бен біз үміт артқан еліміздің ертеңі білімді ұрпағымыз жарқырай берсін.

Ғалия МАЙМАҚОВА,
Созақ аудандық балалар
кітапханасының меңгерушісі.

Жеңіспен оралдық!

Ағымдағы жылдың 2-3 шілде аралығында Алматы қаласында «Алматы арена» спорт кешенінде Панкратионнан (традишн және элит бөлімдері) бойынша балалар, жасөспірімдер кадеттер жастар және ересектер арасында «SAG PRO JICASY»

чемпионатының 5 тур ақтық сайыстары болып өтті. Аталған жарысқа ауданымыздың атынан 2 шәкіртім қатысып, бақтарын сынады.

Ересектер арасында Бейсенбі Қадір 62 кг салмақ дәрежесінде (элит) бөлімі бойынша және Азат Сәуір 57 кг салмақ дәрежесінде (элит) бөлімінен 3-ші жүлделі орынды иеленіп жарыстың қола жүлдесіне қол жеткізді.

Аталған додада 2 қоланы қанжығамызға байладық. Шәкірттеріме алғысым шексіз. Еңбектеніп өз мақсаттарына жетуде.

Мұхтар ҚИЯСБАЕВ.



Сенімгерлік басқарушы:

«Agro-sozak» ЖШС

Меншік иесі-

**«Созақ үні» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактордың міндетін
уақытша атқарушы:
**Мақсат Қарғабай
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-**

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
**Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.